

*Тоқан Көбенұлы*

A photograph of an elderly man with a goatee, wearing a dark, heavy coat and a black fur hat. He is standing in a rugged, rocky landscape with several pine trees in the background. The sky is a clear, pale blue. The overall tone is somber and contemplative.

**БІРЛІК  
ТІРЛІКТЕГІ  
МҰРАТ**

**Тоқан Көбенұлы**

**БІРЛІК  
ТІРЛІКТЕГІ МҰРАТ**

**Ұлы Отан соғысынан оралмаған  
әкемнің інілері Салдау, Әбіш, Тықыштарға  
арнаймын**

## Бірлік-тірліктегі мұрат

Жер бетін мекендеген қай халық болмасын бірлікке ерекше мән берген, «Тірлігімнің басы бірлік, бірлік болмаса, тірліктің сәні жоқ», - деп түйген. Бірлік – адам мен адамды, халық пен халықты жақындастырады, бір мақсатқа үндейді.

Бірлік – түбі береке, берекелі ел ырысты, несібелі болатынын бұрынғы замандарда ғұмыр кешкен, ел қамын, елінің келешегін ойлаған абыз аталарымыз кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырғаны белгілі. Дана халқымыздың бізге мұра етіп қалдырған «Бірлік түбі – тірлік», «Бірліксіз – тірлік жоқ», - деген нақылдарының да осының куәсі.

Қазақ халқында өзінің барлық саналы ғұмырын халқының ынтымақ-бірлігіне жұмсаған көріпкел, ғұламалар аз болған жоқ. Сондай ақыл-ой иесі, дана бабаларымыздың бірегейі – тобықты руынан шыққан Әнет-баба.

Әнет-баба кәрілік жеңіп, үйде отырып қалған кезінде де алдына келген жастарға үлгі, өнеге, өсиет айтудан жаңылмаған екен.

Төле-би елді ынтымақтастыру жөнінде ақыл сұрауға Әнет-бабаға келеді. Әнет-баба садақтың жебесін бір-бірлеп сындырады да, Төле биге он екі шыбықты буып сындыруын өтінеді. Бір бума шыбықты сындыру қайдан оңай болсын.

Төле би бума шыбықты Әнет-бабаға қайтарып:

- Айыпқа бұйырмаңыз, бұл жұмбағыңызды түсінбедім, баба? – депті Төле би.

Сонда Әнет-баба:

- Төлежан өркөкірек, өзімшіл болма, көп сеннен де көп біледі, олардың айтқанына құлақ ассаң, көп сенің айтқаныңды да қарсылықсыз орындайды. Көп болып ынтымағың жарасып тұрса, сендердің белдеріңді ешкім сындыра алмайды. Ынтымағың жараспайтын болса, мына жеке шыбықтарды сындырған секілді берекелерің қашып, бірліктерің бұзады, - деп өсиет айтқан екен.

Ел аузында мынадай өлең жолдары бар:

«Ұлы жүз ағалық қасиет сақта,  
Қалған екі жүз туыстық жолынды құпта.  
Енші алмағаныңды еске түсіріп,  
Атаң қазақтың үлкен сенімін ақта».

Үш жүз сендердің еншілерің бірге өсіп-өнген үлкен жанұясындар, ешуақытта бөлініп жарылмаңдар, ауылыңдарың аралас, қойларың қоралас, қатар қанаттасып жатқан, бір атадан тараған, жерің де, өрісің де бөлінбеген қазақ атты тұтас бір елсің деген терең мағына сыйып тұрған жоқ па жоғарыдағы бір шумақ өлеңге.

Ертеде қалмақ шапқыншылары оңтүстіктің біраз жерін басып алады, қасиетті Түркістан қаласы жау қолында қалады. Қаптаған жаумен соғысуға Ұлы жүз жауынгерлерінің шамасы келмегендіктен орта жүз бен кіші жүз қолдарын көмекке шақырады.

Хабар жетісімен жеткен орта жүз бен кіші жүздің қалың қолы келіп қасиетті Түркістан қаласы мен оңтүстік өңірді түгел жаудан азат етіп, қалмақтарды өз жеріне қуып тастайды.

Мың өліп, мың тірілген қазақтың ынтымақ пен бірліктің арқасында осы күнге жеткенін әрдайым жастардың құлағына құйып отырған жөн болады.

Ағалы-інілі Шоң мен Торайғыр болмашыға араздасып: «Нағашы жұртыма барамын,» - деп Торайғыр көше жөнеледі. Мұны естіген Киікбай би артынан қуып жетіп, көш алдындағы Торайғыр биге былай депті:

«Торайғыр мен Шоң едің мақтап жүрген,  
Бар ақылың осы ма сақтап жүрген.  
Екеуің екі айырылып көшіп кетсең,  
Дұшпандарың жеп қояр қаптап жүрген».

Адамдар арасында, ел мен елдің немесе ру мен рудың арасында даулы мәселе туындаса ушықтырмай, қарулы қақтығысқа жеткізбей елдің игі жақсылары екі жақтан би сайлап, дауласушы екі жақты қатыстыра отырып, жұртшылық алдында шешкен, кінәлісіне айыппұл төлеткен.

Қазақ халқы ел бірлігін әрдайым бірінші орынға қойған. Қай заманда болсын халқымыздың ынтымақ-бірлігіне сақ болған. Өз заманының ақыл-ой иелері, ел ақсақалдары ел бірлігін жарастырып отырған.

Билік пен бірліктің негізгі тұтқасын ұстаған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би сынды қазақтың билері бірін-бірі құрметтеп, сыйласып өткен. Қаз дауысты Қазбек, Төле би туралы былай дейді:

«Шыққан күндей бұлттан,  
Баршамызды жылытқан.  
Қадірлі кім бар Төкендей  
Сөзіне жұртты ұйытқан.  
Жүгімізді алған иықтан  
Қадірлі кім бар Төкендей  
Жол тапқан тұман тұйықтан.  
Жау келсе асып саспаған,  
Сауға сұрап қашпаған  
Қадірлі кім бар Төкендей  
Үш жүздің қолын бастаған»  
Төле бидің Әйтеке туралы айтқаны:  
Әйтекемнің барында  
Дақ түспейді арыма.  
Өскен жастан серік боп  
Халқымның мұң зарына.

Қаз дауысты Қазыбек Күлтөбенің басында өтетін бір келелі жиынға ауырып келе алмай қалады. Сонда Төле би:

«Ақылым бүтін деуші едім,

Қасымда жүрсе Қазыбегім,» - деп қатты қамығып, басын шайқап отырып қалады. Бірін-бірі қадыр тұтқан үш би өмір бойы бірліктен жұбын жазбаған, белгілі бір мәселені шешкенде қайсының айтқан пікірі ақылға қонымды болса, ой елегінен өткізіп соны қабылдаған. Сенің пікірің дұрыс емес деп теке тіреске салмаған. Өздерінің осындай тату бірлігінің арқасында үш жүздің бірлігін берік сақтай білген.

Қазақ елінде хан тағы үшін талас үдей түсіп, елдің бірлігі ыдырап, мұны сезген жау жерімізді біржола жаулап

алуды мақсат тұтқан кезең болатын. Осы жағдайды жете түсінген үш би бойларындағы бар күш-қайраттарын, ақыл-ой парасаттарын елінің ынтымақ-бірлігіне арнаған, сол жолдан таймаған, не қиындық көрсе де төзе білген, халқымен ажырамас бірлікте болған. Халқын тура жолға сала білген.

Аталы үш бидің өлмейтін, өшпейтін халқымызбен бірге жасайтын, кейінгі ұрпағына қалдырған мына бір өсиет сөздеріне көз жүгіртейік: «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін, жүзге бөліну – дерт, халқымды сол дерттен сақтасын»- десе Төле би, ал Қазыбек би: «Ей, үш жүз қазақ керіспейік, асылы бізге керіскен жөн емес» - дейді.

Әйтеке: «Үш жүздің билікке таласуы тыйылмайтын болса, қазақ мемлекеті күйреуге ұшырап, басқа бір ұлттың езгісіне түседі,» - дейді.

Бұл қағида сол кездегі өмірден алынған тұжырым, әлі де мән-мағынасын жоймайтын өсиетнама десек артық айтқандық болмас.

Қазіргі кезде ел билігіне араласып жүрген азаматтар жүзге, руға бөлінбей, кез келген мәселені әділ шешетін болса, осы заманның кеселді дертіне айналып отырған сыбайлас жемқорлыққа жол бермесе, жұмысқа орналасу үшін пара дәметпесе, мемлекеттік қаржыны орынды жұмсаса, халқымыздың тұрмысы жақсарып, бірлігі арта түсері хақ.

Қаз дауысты Қазыбектің атағы үш жүзге кең таралған кезі болса керек, үйіне бір саудагер өзбек келеді, тамақтанып болғаннан кейін:

-Сізден бір сөз сұрайын деп едім,- дейді

- Сұраныз,- дейді Қазыбек би

- Керуенде келе жатқан бір топ жігіт едік, бір сауалдың шешімін таба алмай жолшыбай дауластық: «Сөздің атасы не, анасы не? – депті саудагер.

Қазыбек біраз уақыт ойланып қалады. Жөппелдемеде ойына ештеңе түспейді.

- Өзбектің саудагері білмейді екен десем, қазақтың данышпан биі Қазыбек те білмейді екен,- деп шыға

жөнеледі. Сәлден кейін ойына түсе қалып, далаға шықса, саудагер кетейін деп жатыр екен.

- Сауданды қалдырып келесі жылы тағы келіп жүрме, «Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық» - деген екен.

Бас қосқан үлкен жиындарда, қуанышты тойларда өсек-аяңға жол бермей, ауыл, үй арасының ұсақ-түйек сөздерін ысырып тастап, ауыздан ауызға жеткен ғұлама бабаларымыздан өсиет болып қалған бірлік пен ынтымаққа үндейтін тәрбиелік мәні бар әңгімелерді айтып сұхбаттасу аға буынның міндеті болмақ.

Қазақ халқына тән кез келген адамды жатсынбай, бауырына тартатын, үйге келген адамға әрдайы ашық қабат танытып, дастархан жаятын қонақжайлылық қасиеті қай ұлтты болсын баурап алмай ма?

Көп ұлттан құралған біздің еліміздегі халықтың мамыражай тыныш өмір сүруінің бір тамыры – қазақ халқының шынайы кіршіксіз ақ пейілінде жатқан сияқты.

«Алтау ала болса, ауыздағың кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» - деген мақалда терең пәлсапалық ой жатыр. Бірлігі бар елде, жарасымды тірлік бар, табысты экономикалық өрлеу бар, құт пен береке, таусылмайтын ырзық, бақытты өмір бар, олай болса ғаламшарды мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың тірліктегі мұраты – бірлік болмағы хақ.

Бірлігіміз берік, аспанымыз ашық, егемендігіміз мәңгі болғай, ағайын!

«Бурабай» газеті,  
24.01.2007 ж.



## АРНАУ ӨЛЕНДЕР

Өлең жазам, ұзақ таңды күзетіп,  
Бір шумақты қайта-қайта түзетіп.  
Ой түбінде жалт береді бір ұшқын,  
Қашан ғана лаулар екен дүр етіп.

## Абайға

Қазақта асыл сөздің иесі Абай.  
Өлең сөздің патшасы, киесі Абай.  
«Өлең жазсаң, сөз асылын сарала»- деп,  
Өсиет қып қалдырған артына Абай.

Мыңмен жалғыз алысқан қайран бабам,  
Келешегі халқы үшін болып алаң.  
Озбырлық пен қиянаттың жолын кесіп,  
Әділетке қалқан болып өткен бабам.

Бірлік пенен ынтымақты жақтаған,  
Абайдан басқа жанашырды таппаған.  
Ірілерден қорлық көрген кедейлер,  
Ішкі зарын тек Абайға сақтаған.

Абай білгір ақындардың ағасы,  
Оған болмас ешкімнің де таласы.  
Сол Абайдың жолын кеспек жауыздар,  
Іштен шыққан қазағымның аласы.

Абай дана, білгір әрі көреген,  
Кең даласын жыр бесікке бөлеген.  
Жидебайдың төсіндегі биікте,  
Қазағымның бақ жұлдызы сөнбеген.

Мақан атаға  
(балалары атынан)

Адамдықты әрдайым алға ұстаған,  
Көңілі ешбір жанмен қалыспаған,  
Үш үйдің жанұясын жеткізем деп,  
Жан едің бар өмірін бағыштаған.

Өтірікті жек көретін өмірде,  
Кімге болсын ақ ниеті көңілде.  
Аймағының жанашыры қамқор боп,  
Жақсы ісімен кірген адал сенімге.

Жақсы бала қуаныш, қызық әкелген,  
Дұрыс жолға тәрбиелеу әкеден.  
Қалауына қарай бәрін оқытып,  
Әрқайсына бір мамандық әперген.

Еш кейістік көрмеуші едік жүзінен,  
Келешегім деп біздерге үзілген.  
Адамдықтың тура жолы осы деп,  
Біз келеміз өзің салған ізіңмен.

Сенерің адал еңбек терің,  
Келешекке әрдайым артып сенім.  
Қолдан келген жақсылығын аямаған,  
Қадіріңді бұл күнде біледі елің.

## Кеңес Аманұлы – алпыс бесте

Кеңес Аманұлы 1959 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылық институтын тәмамдады. Бас агроном, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, ауданның бірінші хатшысы, 1980-1982 жылдары Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

Сыйлас құдам Кеңес Аманұлының алпыс бес жасқа толған мерейтойының құрметіне мына бір өлең шумақтарын арнаған едім:

Кеп қалған құтты болсын алпыс бесің,  
Күн төбеде тұрғандай мезгіл бесін.  
Қас батырдың ұрпағы қартая ма,  
Мейілі ұзақ жасап жүзге келсін.  
Орындалса не асыл іс өмірде,  
Қонақтайды бақ құсы боп көңілге.  
Ержігіттің өмірдегі арманы,  
Кірсең болды туған халық сенімге.  
Байқалады ісіңізден өр екпін,  
Өр екпінде дем береді жебеп кім.  
Бақ-дәулетің босағана әкелген.  
Бабаңыздың аруағы демекпін.  
Бойындағы жақсылықтың қайнарын,  
Үлестіріп ақыл-кеңес ой нәрін.  
Тәрбиелеп өсірген үш балаңмен,  
Іске асын алға ұстаған ойларың.  
Кештерде отырғанда малдас құрып,  
Ұрпағыңмен жалғасар әдет-ғұрып.  
Жастардың құлағына құя берген,  
Байсерке бабаң сөзін жалғастырып.  
Жақсылардың сынығысың, шын асыл,  
Шын асылға арнау лайық жыр асыл.  
Сағила қосағыңмен қоса ағарып,  
Шыққандайсың белесіне тұтас ғасыр.

## Кеңес Аманұлы – жетпісте

Өмір жолда байқамай күн өткенін,  
Сен бәйтерек, еліңе тірек бүгін.  
Жетпісіңді құттықтап келіп отыр,  
Құрбы-құрдас жақсылық тілеп бүгін.  
Қабыл болғай осы көптің тілегі  
Сол тілекпен бақ оралып үнемі,  
Жора-жолдас маңайыңнан кетпесін.  
Тек жақсылық бір өзіңе беттесін.  
Замананның құрметіне бөленіп,  
Қарттық шақта тек жақсылық көрелік.  
Егемендік иеленген шағымда,  
Өтсін өмір қызығына кенеліп.  
Өмір өткел қиындықтан бір асқан,  
Жырға қоссам өмірлерің бір дастан.  
Сағиламен жар тілегің үйлесіп,  
Жанұянда ынтымағың жарасқан.  
Кімге болсын жақсылығын аямаған,  
Бір өзіндей болар аяулы адам.

Ел ардағы азайып бара жатыр,  
Қалғандай-ақ өзіндей санаулы адам.  
Қауіп-қатер кетсін сені айналып,  
Тоқсан мен жүз өтсін, алда тойланып.  
Бұл өмірден армансыз боп өткейсін,  
Бақ жұлдызы мандайыңа байланып.  
Өмір қызық адамға бар үмітпен,  
Қуаныш бар алдында әлі күткен.  
Елдің сыйлы қарты боп төр алдында,  
Тапқайсың, сен бақытты көріліктен.

14.10.2004 жыл.

## Қойшыбай Хасенұлына

Кеуде толы әңгіменің бұлағы,  
Болса егер құйып алар құлағы.  
Өзің айтқан сан алуан әңгіме,  
Ауылдастың көкейінде жүр әлі.

Сөзден сөз шығарып тіл көсілетін,  
Тыңдаушының көңілін өсіретін.  
Ертеде өткен билердің сөзін айтып,  
Құлағыңа құятын өсиетін.

Атам қазақ жаралғаннан беріде,  
Сен білмейтін сөз асылы жоқ шығар.  
Ойына орай айтылатын керекті,  
Мақал-мәтел көкейінен дөп шығар,

Үлкен-кіші құрмет тұтар өзінді.  
Кейінгі ұрпақ ұмытпайды, Қойшеке,  
Тастап кеткен асыл мұра сөзінді.  
Танытып көпшілікке парасатын,  
Әзілі кіммен болсын жарасатын.  
Жадыратар жақсы сөзге көңіл толып,  
Дүйім жұрт риза болып тарасатын.

Көрсетіп шешендіктің күдіретін,  
Қапиядан сөз тауып күлдіретін,  
Жиналған шаршы топта суырылып,  
Көсем сөз көрегендігін білдіретін.  
Күн көрмесек сағынып асыл аға,  
Асығуш ек жеткенше қасыңа аға.  
Кеудесі ағып жатқан бұлақтай-ақ,  
Жақсының әңгімесі таусыла ма?  
Сөз ырғағың кетпейді бір құлақтан,  
Талай таңым өзіңменен бір атқан.  
Күн шыға тарайтынбыз үйімізге,  
Сусап келіп ішкендей су бұлақтан.

Рухыңа бас иіп біз табынамыз,  
Еске алып бір өзіңді сағынамыз.  
Өзің жоқсың, кімді енді шығарамыз,  
Тапқырлық қазы сөздің тағына біз.  
Сөздің асыл арқалаған нар жүгін,  
Ізбасарың Белгібайың бар бүгін.  
Мәжілістің көркі болып бетке ұстар,  
Танытып жүр сөзге деген нарлығын.

### Егінбайға

Құтты болсын алпысың, асқар белің,  
Халқың қалап өзіңе артқан сенім.  
Нарықта қиындыққа ұшыратпай,  
Келіп отыр тойыңа сенген халқың.  
Азаматсың халық үшін жаралған,  
Адамшылық қасиеттен нәр алған.  
Мейірімді, кішіпейіл, ұстамдылық,  
Бар қасиет бір өзіңнен таралған.  
Сондықтан да, жұртың сені қалайды,  
Жанашыр бір туысындай санайды.  
Көп тілегі қабыл болып алдыңнан,  
Бақыт таңы ата берсін арайлы.  
Ауданым да іскер бастық саналған,  
Қажыр-қайрат өн бойыңа таралған,  
Алға бастар бағытынан таймайтын,  
Қиыншылық кездесе де сан алдан.  
Жатса, тұрса елдің қамын ойлаған,  
Таршылықта жол табады ойлы адам.  
Ауылың бір күн нансыз болған емес,  
Нарық келіп қыссадағы арқадан.  
Еш адамның көңілін бір жықпайсың,  
Кем-кетіктің тілегін де ұққайсың.  
Қиындықта келіп едің ауылға,  
Қиындықтан өзің алып шыққайсың.  
Саған артқан ел тілегі осындай,

Көп тілекке кім қалады қосылмай.  
Халықтың шықсаң болды тілегінен,  
Мәңгілік орын алып жүрегінен.

### Дәметкен апамызға

Еркелігің қашанда жарасымды,  
Өмір-көште өткердің сан асуды.  
Ел қамқоры Дәметкендей апамыз бар,  
Жомарттығы кең байтақ дала сынды.  
Жетімдіктің тартсаң да қасіретін,  
Жоғалтпай адамдықтың қасиетін.  
Дейтін жұрт бұл Дәметкен намысшыл қыз,  
Жан емес болмашыға бас иетін.  
Елді түгел бауырым деп жүреді,  
Ынтымақтан жаралғандай жүрегі.  
Ойлайтыны жарастығы ауылдың,  
Қабыл болғай апамыздың тілегі.  
Ата салтын бір кісідей біледі,  
Ұмытпайды жүрегіне түйеді.  
Мерекеде ықыласын білдіріп,  
Той төрінде шашу шашып жүреді.  
Қараңғыда адастырмас жарық жұлдыз,  
Жездемізді бұлтартпас сенім нығыз.  
Табиғат жат жұрттыққа жаратса да,  
Қартайғанда елін табар ақылды қыз.



## Ғылым мен білім - өмір көркі

Білімге көтерілу сатысы мектептен бастау алады.  
Білімді меңгеру - әр шәкірттен тәртіп пен ықыласты талап етеді.  
Ұққанын ұмытпау – даналықтың белгісі,  
Іске асырмай, ұмыту – балалықтың белгісі.  
Табиғат сыры біліммен ғана ашылады.  
Білімі жоқ ел – қараңғы ел,  
Одан ойшыл ұландары ғана шыға алады.  
Білім адамға қуат береді,  
Жігеріне жігер қосады.  
Білім бойда қайрат, ойда қуаты бар адамдарға ғана үйіріледі.  
Ғылымға берілген адамға сарқылмайтын ыждағат керек.  
Ғылым көкжиегі ұлғайған сайын, адамзат тұрмысы жақсара бермек.  
Ғылым - өмірлік азық, таусылмайтын қазына.  
Ғылым адамзат мүддесіне жұмсалса ғана, мақсатына жетеді.  
Білімді ел – қуатты ел, алдына дара салмайтын.  
Ел мен елді білім ғана теңестіреді.  
Білім – алға бастайтын тіршіліктің шамшырағы .  
Білімсіз дүние олқы, сол олқылықты ғылым ғана толтыра алады.  
Өмір бойы осыны есіңе ұста, жас ұлан,  
Білім қуған талапкер ұтылмайды жасынан

«Бурабай» газеті,  
5 қыркүйек 2005 жыл

## Мен бақытты адаммын

Үміт артар келешегім  
ұрпақ үшін алаңмын,  
Содан болар өмірге  
ұстаз болып қаландым.  
Шәкірттерім кейіндеп  
қалмасын деп білімнен,  
Кітап, газет, журналға  
күні- түні үңілгем.  
Толымды жауап бермесе  
қайталауда өткеннің.  
Әр ұстаздың өзіне  
алға қояр биігі  
Толық сапа үлгерім  
мақсатыма жеткенмін.  
Алдымдағы жас ұрпақ  
инабатты болсын деп  
Аталы – сөз пейілмен  
мейір төккен маманмын.  
Қатайтып білім қанатын  
сан шәкіртті ұшырған.  
Арманым жоқ өмірде  
мен бақытты адаммын.

## Айналдым бұрынғының ақсақалын ( әкемнің ағасы Шәукілдек атама арнаймын)

Ауылдың тілеуқоры өмірінде  
Еш жамандық болмайды көңілінде.  
Қақ жарар әділдікті нық ұстаған,  
Халықтың қалған әркез сенімінде.  
Әр үйдің отырады төрін билеп,  
Өткендердің аталы сөзін сөйлеп.  
Бірліктен қия тартқан тоңмойынды,  
Бұлтартпас шешімі алады илеп.  
Өмірдің ащы-тұщы дәмін татқан,  
Ауырлықты көтерген небір батпан.  
Ел арасын түсіріп бір жүйеге,  
Араға татулықтың отын жаққан.  
Ашық қабақ, жылы жүз, қарыс маңдай,  
Жайдары, жарқын жүзі атқан таңдай.  
Жүрегінді толқытып елжіретер,  
Аузынан әрбір шыққан сөзі қандай.  
Қарсы келмес сыйлыға дүйім халық,  
БІнтымаққа жетелер жолы анық.  
Елдің ішін бүлдірер тентектерді,  
Ақылына келтірер тезге салып.  
Даулы істі жеткізе саралаған,  
Жақыным деп туысына қарамаған.  
Қазылық мәртебесін нық ұстап,  
Озбырлықтан шындықты даралаған.  
Өткір сөзбен суарылып алдаспан,  
Арасына араздық жік салмастан.  
Келіссөзде ризалық шешім тауып,  
Төрем сөз түйін тауып жалғасқан.  
Малы кетсе жау шапқанда өрістен,  
Дулы ел боп ырыздықты бөліскен.  
Тығырыққа киліккенде халқымыз,  
Ақсақалдар айналыспас не іспен.  
Ақтайлақ ақ жолынан жаңылмаған,  
Ежелден-ақ белгілі сыры маған.

Екі қайта әділдік шешім тауып,  
Құлқын ойлап параға жығылмаған.  
Қазы шешім, кеміс мін таптырмаған.  
Жалақорға маңайын бастырмаған.  
Жетім менен жесірге қорған болып,  
Озбырлық қанатына қақтырмаған.  
Қия сөйлеп қиянатқа бармаған,  
Әлсіздердің үміт отын жалғаған.  
Жығылғанды жұбатып демеу болып,  
Басын әуре бұралаңға салмаған.  
Ынтымақты, елдікті жақтап келген,  
Халқымыздың сенімін ақтап келген.  
Айналдым бұрынғының ақсақалын,  
Ел бірлігін үнемі сақтап келген.

**Достық туралы**  
(Мәжит Ақмағанбетұлына)

Досқа тіле өмір-жолдың ұзағын,  
Оған деген кеуде толы жыр ағын.  
Кездескенде қалатұғын бір жасап,  
Ағытып бір әңгіменің бұлағын.  
Дос болмаса бұл өмірде наласың,  
Достың тек дос оятар санасын.  
Тұйығына тірелгенде өмірдің,  
Сүйенішті сол досыңнан табасын.  
Дос көңілін ешуақытта қалдырма,  
Жақсылығын келері әлі-ақ алдына,  
Досың өссе сенің өсер мәртебен,  
Қызғанышқа аяғыңды шалдарма.  
Ақылым бар әм саған айтпағым,  
Досың айтқан сырын берік сақтағың,  
Сырын шашпай сыйласып өт сеніммен,  
Өмір деген өте шығар қас-қағым.  
Дос көңілін дос біледі өмірде,  
Әрбәр ісі сыйып тұрса көңілге,

Әр уақытта бірге болса сенімен,  
Шын жолдас боп сонда кіре сенімге.  
Адал достың сағынышын жүдетпе,  
Өмір-ағын келесің бір тілекте,  
Адал достық, амал достық болмасын,  
Достық оты лаулай түссін жүректе.  
Адал досың жүрсе -дағы жырақта,  
Сағынады көре алмаса бір апта.  
Адал доспен жарасымды өмір де,  
Санаулы ғой ондай адам бірақта.  
Айтқан ақыл жүрегіне жетпесе,  
Өзінікін мақұл көріп беттесе,  
Ондай достың өмірі қысқа болар,  
Болмашыны өкпе қылып кектесе.  
Екі қайта дақ түсірмей көңілге,  
Ақ ниетпен кірсе адал сенімге,  
Жабыққанда жадыратар дос тапсаң,  
Арманың жоқ мына жалған өмірде.  
Ата-баба ертеде өткен әріде,  
Достық туын нық ұстаған бәріде,  
Ата сөзі біздер үшін бой тұмар,  
Болашаққа жалғасады әліде.

Достықтың дақ түсірмесең нәріне,  
Үлгі болар кейінгінің бәріне.  
Достығынды мәңгілікке ұзартып,  
Қатар жатсаң жер бесікте қабірде  
Адамдықты, адалдықты аттама,  
Шын дос болсаң, сыртынан оны даттама.  
Білместіктен теріс кетсе бұрылып,  
Кешулік ет жүректе кек сақтама.  
Досың болса ажырамас мәңгілік,  
Дос жылуы жүректерде жаңғырып.  
Татулықтың туын бірге көтеріп,  
Жүрсең болды маңайыңды таң қылып.  
Дос көңілі алшақтаса жүдеймін,  
Жақындаса жаңғырығып түлеймін.

Маңайымнан дос кетпесе өмірде,  
Бір төнірден мен осыны тілеймін.

«Бурабай» газеті,  
02.07.1999 ж.

### **Кітаппен дос бол, жас ұлан.**

Кітаптағы небір ғажап ертегі,  
Оқығанда, жан жүйеңді ертеді,  
Қарт бабаңдай көз алдына елестеп,  
Өткен күннің шежіресін шертеді.  
Бойыңды да, ойыңды да түзейде,  
Болмыстағы бар мініңді күзейді.  
Ақылшың боп жетелеп төзіміңді,  
Оятар шет арман сезіміңді.  
Не жақсылық болып жатыр өмірде,  
Бәрін жинап құяды әкеп көңілге.  
Кітап сенен жасырмайды білгенін,  
Бар ниетпен кірсең болды сенімге.  
Білім алдыңда жанған бір шырақ,  
Шын ниетпен берілсең көңіл құлап.  
Достығың жарасса сол кітаппен,  
Сезінесің өзінді бақыттырақ.  
Жамандықтан айырып жақсылықты,  
Ақиқатқа жеткізеді көзіңді.  
Жөнсіз істен дөң асыра бездіріп,  
Жақсылыққа ынтық етеді өзінді.  
Бауыр басып дағдылансаң кітапқа,  
Оқымай жүре алмассың бір апта.  
Сол кітаптың бетін жыртпа шимайлап,  
Өкпелетіп алма, достым, бірақта.  
Кітап білгір теңдесі жоқ ғұлама,  
«Ұлтың кім?»,- деп бірақ одан сұрама.  
Бар халыққа ортақ асыл қазына,  
Берері көп серік етсең жаныңа.

## Ұрлық – түбі қорлық

Адал еңбек бойға нәр боп тараған,  
Құлақ асса осы сөзге бар адам.  
Ұрлық – қарлық жасалмаса өмірде,  
Жат қылықтан дақ түспесе еді көңілге.

Ата-бабам оңай олжа қумаған,  
Еңбек десе жүрек қаны тулаған.  
«Ұрлық – түбі қорлық» деген ұлы сөзді,  
Ұрпағына өсиет қылып қалдырған.

Адал еңбек жеткізеді мұратқа,  
Осынау сөз жылы тиер құлаққа.  
Біреудің несібесіне қол сұғып,  
Қалма достым, жұрт алдында ұятқа.

Кетірмеген ауыл-аймақ мазасын,  
Ұры тартар лайықты өз жазасын.  
Қолға түспей кетсең егер өмірде,  
Тарттырады бір тәңірім жазасын.

Жек келтірмей ата-баба салтына,  
Адал еңбек сыйла туған халқыңа.  
Өмір-бақи ұрпағыңа дақ болар,  
Ұры деген ат қалдырсаң артыңа.

Болса дейміз ұрпағымыз саналы,  
Ұрпағыммен халқым болар бағалы.  
Істегені ұрлық, өсек айтқаны,  
Бұл адамдар қайда кетіп барады?!

27.11.1999 ж.

## Жеткізбейді мұратқа

Өсек айырғыш, адамға сол берері,  
Туғаннан-ақ бірге жасап келеді.  
Бар адамдар дүниеден өтеді,  
Бірақ өсек өлмей тірі келеді.

Сөйтіп өсек адаммен бір жасаған,  
Жанға жайлы орын тауып тасадан.  
Жанын қинап майдай терін төкпейді,  
Сондықтан ол адамнан көп жасаған.

Өсекшінің құлағы сақ келеді,  
Өсек есту оның жалғыз тілегі.  
Шаруасы болмаса да қыдырып,  
Ауыл үйде түндік қағып жүреді.

Көңілінің жұбанышы жасары,  
Оразасын өсекпенен ашады.  
Іздегені шыға келсе алдынан,  
Рақаттанып көңіл шерін басады.

Іздеп жүріп өзіне серік табады,  
Ашылады сонда ғана қабағы,  
Жаңа ғана мен жұбымды таптым деп,  
Қуаныштан ойнап кетер жанары.

Естігенін бір-біріне хабарлап,  
«Жаналықтан» көңілдері тасиды.  
Осылай «қотыр» мен «жауыр» кездесіп,  
«Құдырет» деп бір-біріне бас иді.

Содан бері жұбын жазбай келеді,  
Өсек болып екеуінің сенері.  
Құнығасың неге сонша ынтығып,  
Сол өсектің саған бар ма берері?!

Өсек сөзге ешуақытта нанбағын,  
Айтқан адам жоғалтар өз «салмағын».  
Болған істі өз көзіңмен көрмесең,  
Ондай сөзге ешуақытта бармағын.

Жігіт болсаң өсек-аяң тасыма,  
Ондай жанның жоламағын қасына.  
Өсек сені жеткізбейді мұратқа,  
Қалдырады түбі өзінді ұятқа.